


ОЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ОРТА АРНАУЛЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

ТАШКЕНТ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКА УНИВЕРСИТЕТИ



ҚАЗАҚ ДИАЛЕКТОЛОГИЯСЫ

пән бағдарлама

Білім саласы:	100000 – Гуманитар
Оқыту саласы:	110000 – Педагогика
Оқыту бағыты:	5111300 - Ана тілі мен әдебиеті (қазақ тілі жне әдебиеті)

Ташкент-2018

Пән бағдарламасы Жоғары және орта арнаулы, кәсіптік білім бағыттары бойынша оқу-әдістемелік бірлестігі қызметін Үйлестіру Кеңесінің 2018 жыл 18.08 дағы 4 – санды мәжілісінде мақұлданған.

Өзбекстан Республикасы Жоғары және орта арнаулы білім министрлігінің 2018 жыл 15.08 дағы 799 – санды бұйрығы негізінде мақұлданған пән бағдарламаларын тірек жоғары оқу орны тарапынан бекітуге рұқсат етілген.

Пән бағдарламасы Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогика университетінде істеп шығылды.

**Түзушілер:**

Дүйсебаева Д. - Орыс әдебиеті және оны оқыту әдістемесі кафедрасы аға оқытушы

**Пікір жазғандар:**

Ы.Құттымұратова Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институтының «Қазақ тілі және әдебиеті» кафедрасының аға оқытушысы

Байқобилов Ө. РБО Филология пәндері бөлімі казак тілі методисті

Пән бағдарламасы Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогика университетінің оқу-әдістемелік кеңесінде талқыланып, ұсынылған. (2018- жыл 28.06 дағы 11 - санды мәжіліс хаттамасы).

## I. Пәннің өзектілігі және жоғары кәсіптік білім алуудағы орны

«Қазақ диалектологиясы» пәні тіл білімінің диалектілері мен говорларды зерттейтін бір саласы болып, жергілікті және әлеуметтік диалектілердің жалпы ұлттық - әдеби тілге қатынасы жөнінде мәліметтер береді. Қазақ тілінің диалектілік фонетикасы, лексикасы, грамматикасы мәселелерін, қазақ диалектологиясының зерттелу тарихын үйретіп, диалектілік ерекшеліктерді жинау әдіс-тәсілдерін меңгертеді. Қазақ диалектологиясының басқа ғылымдармен байланысына тоқтағанда, лингвистиканың дербестігі барлығы, басқа ғылымдарға қосымша нәрсе еместігі түсіндіріледі. Қазақ диалектологиясы пәні әдеби тіл тарихымен, тарих, этнография, археология, география және логика пәндерімен байланыста қаралады.

«Қазақ диалектологиясы» пәні жалпы мамандық пәндер блокына енгізілген болып, 2-курстарда оқытылуы мақсатқа сай.

## II. Пәннің мақсаты мен міндеттері

*Пәннің мақсаты* - негізгі теориялармен қаруландыру, ғылымның өткен тарихынан, қазіргі жайынан, алдағы проблемалардан мәлімет беру. Лингвистикадағы арнаулы әдіс, әдістемелердің сырын ашу, тіл білімінің басқа ғылымдармен байланысын анықтау, түрлі ағым, мектептермен таныстыру - аталған пәннің негізгі мақсаты.

*Пәннің міндеті* - тіл теориясынан басталатын кейінгі тараулар қазіргі лингвистиканың негізгі бағытын, алдағы проблемаларды айқындауға арналған. Студенттерге теориялық материалды өткеннен кейін, оқу жоспарларында белгіленген уақыттың ішінде тілдегі диалектілік ерекшеліктерді айыра білуі керек. Ол бақылау-пысықтау жаттығуларын орындауға міндетті.

### Бакалавр:

- қазақ диалектологиясынан алған теориялық білімдерді практика жағынан қаруландыру керек;
- диалект, говор, наречие жайлы мәлімет, говорлардың қазақ тіл тарихы мен басқа түркі тілдес ұлт тілдерін үйренуде негіз екендігін;
- говорлардың фонетикалық, лексикалық және грамматикалық ерекшеліктері жайлы *білу қажет*.
- қазақ тіліндегі диалект, говор, наречие жайлы;
- говорлардың фонетикалық, лексикалық және грамматикалық ерекшеліктері жайлы;
- говорларды үйреніп, зерттеуде салыстырмалы-тарихи, лингвистикалық география методтары жайлы *дағдыға ие болу керек*.
- қазақ диалектологиясының басқа ғылымдармен байланысын анықтау;
- говор түрлері мен олардың фонетикалық, грамматикалық ерекшеліктерге қарағанда лексикалық ерекшеліктердің басымдығын зерттеу әдістері сұрыптап қажетті түрге келтіруді айқындайтын;
- болашақта оқушылар тілінде кездесуі мүмкін болған диалектикалық қателерді таба білу және оларды болдырмау *іскерлігіне ие болу керек*.

### III. Негізгі теориялық бөлім (лекция жаттығулары)

#### 1-Модул.

**1-тақырып.** Қазақ тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. Қазақ тіліндегі ерекшеліктердің жалпы сипаты: фонетикалық, грамматикалық ерекшеліктерге қарағанда лексикалық ерекшеліктердің басымдығы.

**2-тақырып.** Фонетикалық ерекшеліктер. Дауысты дыбыстардың алмасуы. Ашық дауыстылар мен қысаң дауыстылардың алмасуы, езулік жіңішке дауыстылардың өзара алмасуы, сөздің алғашқы буындарында еріндік дауыстылардың өзара алмасып келуі, сөз басындағы дифтонгоидтар.

Дауыстыға байланысты ерекшеліктердің қалыптасу тарихы, ондағы басқа тілдердің әсері, көне тіл фактілерімен байланыстылығы.

**3-тақырып.** Лексикалық ерекшеліктер, оның сапасы. Зат, құбылыс атауын білдіретін сөздер. Заттың сынын, сапасын, сыр-сипатын білдіретін сөздер.

Қимыл, іс-әрекетті білдіретін сөздер. Диалектілік сипаттағы кәсіби сөздер, олардың түрлері. Синонимдік, омонимдік ерекшеліктер. Диалектілік неологизмдер, архаизмдер, кірме сөздер. Тұрақты сөз тіркестері, оның түрлері.

**4-тақырып.** Морфологиялық ерекшеліктер. Зат есім. Зат есімнің ілік, барыс, көмектес септіктерінің жасалуы.

**5-тақырып.** Есімдік. Жіктеу есімдігінің біздің, сіздің, біздікілер, сіздікілер формалары. Кейбір сұрау, сілтеу есімдіктерінің тұлғалық ерекшеліктері.

**6-тақырып.** Етістік. Бұйрық райлы етістіктің II жағының, қалау-тілек мағыналы етістіктің көпше I жағының жасалуындағы ерекшелік. Етістіктің рай, шақ, есімше, көсемше формалары.

**7-тақырып.** Үстеу. Говорлардағы үстеу түрлеріне байланысты ерекшеліктер.

**8-тақырып.** Шылау. Шылау түрлеріне байланысты ерекшеліктер.

Зат есім, сын есім, етістік тудыратын жұрнақтар. Күрделі сөздердің жасалуындағы ерекшеліктер.

**9-тақырып.** Қазақ тіліндегі диалектілердің зерттелуіне шолу жасау. Онда Н.И.Ильминский, В.В.Радлов, П.М.Мелиоранский, Н.Ф.Катанов, В.В.Катеринский, М.Терентьевтердің қазақ тіліндегі диалектілер туралы пікірлері. Қазақ тіліндегі диалектілер туралы С.Аманжоловтың, Ж.Досқараевтың, Н.Сауранбаевтың, Ғ.Мұсабаевтың пікірлері.

#### IV. Семинар жаттығулар бойынша тапсырмалар мен ұсыныстар

Диалект, говор, наречие деген терминдердің бір-бірінен алыс емес екендігін аңғарту. Тіл білімінің диалектілер мен говорларды зерттейтін саласы-диалектология деп аталуы. Диалектологияның қалыптасуы және этнографиямен тығыз байланыстылығы.

Диалектология тіл ғылымының бір саласы болып қалыптасуымен байланысты оның маңызы артып, зерттеу объектісінің шеңбері кеңейе түсуі. Жергілікті диалектілер мен ұлттық тіл, әдеби тіл жайлы пікірлер.

Әлеуметтік диалектілер: кәсіби сөздер, жаргондық сипаты бар сөздер, арголизмдердің ерекшеліктерін меңгерту.

**Жергілікті тіл ерекшеліктері мен көркем әдебиет.** Көркем әдеби тілде жазылған шығармалар құрамындағы диалект сөздер туралы, жазушының стилі және шығарманың мазмұнына септігін тигізген тарихи оқиғалардың маңызын ұғыну.

Қазақ говорларындағы фонетикалық ерекшеліктер әдетте жеке дыбыстардың тұрақсыздығымен сипатталуы жайлы. Дауысты дыбыстардың алмасуы, дауыссыз дыбыстардың алмасуы, кейбір дыбыстардың тұрақсыздануына мысалдар жинау.

Говорлық лексика жалпыхалықтық лексикаға негізделгендіктен әдеби тілдің лексикасына жақын екендігі.

Зат, құбылыс атауларын білдіретін сөздер, заттың сынын, сыр-сипатын білдіретін сөздер, қимыл іс-әрекетті білдіретін сөздер, диалектілік сипаттағы сөздер, синонимдер мен лексика-фонетикалық дублеттер, омонимдер, көп мағыналы сөздер, диалектілік неологизмдер мен архаизмдер, қазақ говорларындағы кірме сөздерді меңгерту.

Қазақ тілі говорларында грамматикалық ерекшеліктер: морфологиялық ерекшеліктер және оның жасалу жолдары. Тума сөздердің өзгеріске ұшырауы, олардың қай аймақта қалай екендігі туралы мәлімет топтау.

**Үстеу және оның түрлері.** Говорлардағы үстеу түрлеріне байланысты ерекшеліктер. Көркем әдеби шығармалардың ішінен диалект сөздерден үстеулерге ішіндегі мысалдар топтау.

**Шылаулар және оның түрлері.** Шылау түрлеріне байланысты ерекшеліктер. Көркем әдеби шығармалардың ішіндегі диалект сөздерден шылауларға мысалдар топтау.

Әдеби тілдегі кейбір жұрнақтар арқылы жасалған диалектілік туынды сөздерге мысалдар жинау. Морфологиялық тәсіл арқылы жасалған диалекттердің ерекшеліктері, олардың қай аймақта қалай түрленуі туралы ұғым қалыптастыру.

**Зат есім, сын есім, етістік тудыратын жұрнақтар.** Күрделі сөздердің жасалуындағы ерекшеліктер. Көркем әдеби шығармалардың ішіндегі күрделі сөздерден диалект сөздерге мысалдар топтау.

Синтаксистік ерекшеліктер. Септік жалғаудың қолданылуына байланысты ерекшеліктер. Көмекші етістік, шылау сөздердің қызметінде, басқа сөздермен тіркесуінде кездесетін ерекшеліктер.

**Жергілікті тіл ерекшеліктерін жинап, зерттеу жолдары,** қазақ диалектологиясының зерттелу жайы: С.Аманжолов, Ж.Досқараев, Н.Сауранбаев, Ғ.Мұсабаевтардың пікірлерін салыстыру.

Жергілікті ерекшеліктерді зерттеу принциптері, жазып алу, жинау жолдары. Зерттеушінің тікелей өзі жинау әдісі, ол мынадай тәсілдерді пайдаланады: алдын-ала байқау, тікелей байқау, әңгімелесу, тыңдау, сұрақ

кою т.б. Диалектологиялық материалдарды паспорттау, ондағы шарттар. Фонетикалық транскрипцияны пайдалану жолы, онда қабылданған шартты белгілер. Лингвистикалық география, атлас жасау жұмыстары, оның ерекшеліктері.

#### V. Оқу практикасы

Жергілікті диалектикалық сөздерді паспорттау. Аймақтық (облыс, аудан) тіл ерекшеліктерді (фон., лекс., грамм.) талдау. Сонымен бірге жергілікті лингвистикалық атлас жасату.

#### VI. Өзіндік білім және өзіндік жұмыстар

##### *Ұсынылған өзіндік жұмыстардың тақырыптары:*

- Диалектологияның қалыптасу тарихы және оның салалары.
- Тілдегі кәсіби сөздер мен жаргондық сипаты бар сөздердің айырмасы.
- Говорлардағы дауысты және дауыссыз дыбыстардың алмасып келуі.
- Қазақ говорларында контракция, эпентеза және метатеза құбылыстары.
- Синонимдер мен лексика-фонетикалық дублеттер.
- Қазақ говорларындағы кірме сөздер.
- Диалект сөздердегі септік жалғау түрлеріне байланысты морфологиялық ерекшеліктер.
- Қазақ говорларында қос сөз және біріккен сөз тұлғасында айтылатын сөздер.
- Говорлардағы үстеудің мағынасына қарай топтастырылуы.
- Қазақ говорларындағы шылау категориясымен байланысты біраз ерекшеліктер.
- Диалектілік туынды сөздер және олардың жасалуына қатысатын жұрнақтар.
- Қазақ говорларындағы сөз тіркестері.

#### VI. Негізгі және көмекші әдебиеттер және ақпарат материалдары

##### Негізгі әдебиеттер

1. Қалиев Г., Сарыбаев Ш. Қазақ диалектологиясы. А., «Ана тілі», 1991 ж

##### Көмекші әдебиеттер

2. Мирзиёв Ш.М. Танқидий таҳлил, қатъий тартиб-интизом ва шахсий жавобгарлик – ҳар бир раҳбар фаолиятининг қундалиқ қондаси бўлиши керак. Ўзбекистон Республикаси Вазирлар Маҳкамасининг 2016 йил якунларива 2017 йил истикболларига бағишланган мажлисидаги Ўзбекистон Республикаси Президентининг нутқи. // Халқ сўзи газетаси. 2016 йил, 16 январь, №11.
3. Сыздыкова Р. Қазақ тілінің анықтауышы. Астана, 2000
4. Қордабаев Т. Жалпы тіл білімі. Алматы, 1999

### Интернет сайтлар

5. [www.gov.uz](http://www.gov.uz) – Ўзбекистон Республикаси ҳукумати портали.
6. [www.lex.uz](http://www.lex.uz) – Ўзбекистон Республикаси Қонуи ҳужжатлари маълумотлари миллий базаси.
7. [www.tdpu.uz](http://www.tdpu.uz)
8. [www.pedagog.uz](http://www.pedagog.uz)
9. [www.ziyonet.uz](http://www.ziyonet.uz)
10. [www.edu.uz](http://www.edu.uz)

